

23-27 қараша күндері – №67 гимназияда өткен «Пластиктің екінші өмірі»
онлайн байқауының

АНЫҚТАМАСЫ

«Эко Асар 2» қоғамдық бастамасы аясында 67 гимназияда 23-27 қараша күндері «Пластиктің екінші өмірі» атты пластиктен қолөнер бұйымдар жасау онлайн байқауы ұйымдастырылды. Байқау онлайн форматта жүргізіліп, оған 5-6 сынып оқушылары қатысты.

Байқаудың басты мақсаты – оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатқа қамқормен қарау, қоқысты сұрыптап жинау қажеттілігін түсіндіру, оқушыларды еңбекке баулу.

Үздік жұмыстар 67 гимназияның әлеуметтік желідегі ресми парақшаларына жарияланды.

Байқауға белсене қатысқан оқушылар жеңімпаз атанып, дипломдармен марапатталды.

I дәрежелі диплом – 5 К сынып оқушысы Атымтай Мирас

II дәрежелі диплом – 5 Г сынып оқушысы Қабдеш Нұрқабдеш

III дәрежелі диплом – 5 Г сынып оқушысы Мурат Томирис



Педагог-ұйымдастырушы

А.К.Молдахметова

14 желтоқсан күні – №67 гимназияда өткен «Үздік Эрудит» онлайн зияткерлік ойынының

АНЫҚТАМАСЫ

№67 гимназияда 14 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында 5-6 сынып оқушылары арасында «Үздік Эрудит» зияткерлік ойыны өткізілді. Ойынға 17 қатысушы тіркелді. Ойын 3 кезеңнен тұрды: «Жылдам сұрақтар» кезеңі, «Сиқырлы ұяшықтар» кезеңі, «Полиглот ойыны» кезеңі.

Ойынның жүргізушісі – қосымша білім беру педагогі Ж.Т.Куанышбеков. Әділ-қазылар алқасының мүшелері – психолог Н.А.Ергешбай және педагог-ұйымдастырушы А.К.Молдахметова қатысушыларды кезең бойынша бағалап отырды. Ойын соңында жеңімпаздар анықталып, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Жеңімпаздар:


I дәрежелі диплом – 6 Ә сынып оқушысы Серикова Мадина

II дәрежелі диплом – 5 К сынып оқушысы Мықтыбек Сымбат

II дәрежелі диплом – 5 К сынып оқушысы Орынғали Дінмұхаммед

III дәрежелі диплом – 5 К сынып оқушысы Нығиман Әділқазы

III дәрежелі диплом – 6 Ә сынып оқушысы Дүйсен Сардар



Педагог-ұйымдастырушы


А.К.Молдахметова

02 желтоқсан 2020 жылы – №67 гимназияда өткізілген «Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау салтанатты рәсімінің

АНЫҚТАМАСЫ

2020 жылдың 02 желтоқсан күні «Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті. Қашықтан оқу жағдайына байланысты іс-шара онлайн форматта Microsoft Teams платформасында ұйымдастырылды. Қабылдау рәсіміне мектеп директоры Г.А.Абдраманова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Оңалбаева, директордың тәрбие ісі менеджері А.Ж.Рахметуллин, педагог-ұйымдастырушы А.К.Молдахметова, мектеп Ұланбасы қатысты.

Педагог-ұйымдастырушы «Жас Ұлан» ұйымы туралы қысқаша мәлімет беріп, ұйымның мақсаты мен міндеттерімен таныстырды. Ұланбасы қабылданушы оқушылардың саны мен дайындығы туралы баянат тапсырып, «Жас Қыран» ұйымына қабылданушы оқушылардың топ басшысы 4 сынып оқушысы Нұрсұлтан Армат пен «Жас Ұлан» ұйымына қабылданушы оқушылардың топ басшысы 5 сынып оқушысы Қабдеш Нұрқабдеш салтанатты түрде ант оқып, қабылданушы оқушылар «Жас Ұлан» ұйымының антын қабылдады. «Жас Ұлан» ұйымының гимні шырқалып, салтанатты рәсім аяқталды. Қабылданған оқушыларға сертификаттар берілді.



Педагог-ұйымдастырушы

А.К. Молдахметова